



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сараптама

Таза Қазақстан: экологиялық бірегей жоба

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауларында экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау мәселесін күн тәртібінен түсірген емес. «Таза Қазақстан» – уақытша науқан емес, халқымыздың экологиялық мәдениетін арттыратын қоғамның санасын жаңартатын маңызды жоба. Тазалық – қоршаған ортаның да, ой-сана мен рухтың да тазалығы» деп атап өткен болатын.

Мұнан кейін «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы ел көлемінде үлкен қозғалысқа айналды. Акцияның мақсаты – елді мекендерді, өзен-көлдерді, орман алқаптарын, жол бойларын тазалау, көгалдандыру, тұрғындардың табиғатқа деген жауапкерші-



лігін арттыру, ең бастысы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

2024 жылы акция бұрын-соңды болмаған көлемде өтті. Экологиялық және табиғи ресурстар министрлігі мен жергілікті әкімдіктердің ұйымдастыруымен барлық өңірде экологиялық сенбіліктер өткізілді. Акцияға миллионнан астам азамат қатысты. 1159 тоннадан астам қоқыс жиналды. 1609 мың-

нан аса ағаш көшеттері егілді. Экологиялық нормаларды бұзған 105 дерек анықталды. «ТазаQazBot» электронды платформасы іске қосылып, 7929 өтініш қабылданды, оның 7061-і орындалды. Бұдан бөлек мектептер мен колледждерде экологиялық тәрбие сағаттары өткізілді. Қала мен ауыл тұрғындары арасында табиғатты қорғауға бағытталған түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Акция аясында қалдықтарды

сұрыптау және қайта өңдеу мәдениеті қалыптасты.

Қызылорда облысы да «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді атсалысып келеді. 2024 жылы облыс бойынша 200 мыңнан астам тұрғын акцияға қатысып, 9 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылды. Тек облыс орталығында ғана емес, барлық ауданда сенбіліктер ұйымдастырылып, өзен-көлдер мен су арналары тазартылды, 505 саябақ, 225 тарихи ескерткіш аумағы, 791 әлеуметтік нысан, 24 445 көше мен аула қалыпқа келтірілді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әр елді мекеннің тазалығы, сәулетті көркі тұрғындардың жанашырлығына байланысты екенін айтып өтті.

– Тазалық пен тәртіп – кез келген аймақтың табысты дамуының кепілі ғана емес, тұрғындардың мәдениеттілігінің өлшемі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы, ең алдымен басқа біреуге емес, өзімізге керек. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға жанашыр көзбен қарауға тиіс» деген болатын. Біздің айналамыздағы иігіліктер адамдар үшін жасалған. Тазалық – біз үшін басты құндылық. «Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, әр елді мекеннің тазалығы, сәулетті көркі тұрғындар жанашырлығына байланысты. Себебі әр көшенің, әр үйдің, әр ауланың тазалығы – тұтас қала мен ауылдың айнасы, – деді облыс әкімі.

Қызылорда қаласында «Қызылорда тазалығы» мекемесі мен ерікті жастар тобы бірігіп, көктем мен күз айларында кең көлемде тазалық айлығын өткізді. Аудандар арасында «Үлгілі ауыл», «Таза көше» байқаулары ұйымдастырылып, жеңімпаз елді мекендерге коммуналдық техника табысталды. Жаңақорған ауданында 800-ден астам сенбілік өткізіліп, 7 мыңнан астам ағаш егілді. Қазалы мен Шиелі аудандарында өзен жағалаулары тазартылды, жастардың қатысуымен «Эко-марафон» акциясы өтті.

Игі дәстүр биыл да жалғасты

«Таза Қазақстан» – тек сенбілік емес, қоғамның экологиялық сана-сезімін арттыруға бағытталған қозғалыс» деген болатын Мемлекет басшысы. Биыл бұл игі бастама жаңа серпінмен жалғасын тапты. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында ел көлемінде 405 іс-шара ұйымдастырылып, акцияға 1,4 миллионнан астам адам қатысты. Оның ішінде 82 мыңға жуық ерікті белсенділік танытты. Акция шеңберінде республика бойынша 121 мың тоннадан астам қалдық жиналды, 584 мың гектар аумақ тазартылды, 1,7 миллионнан астам ағаш пен көшет отырғызылды. Бұл атқарылған жұмыстар ел азаматтарының табиғатқа деген жауапкершілігінің жоғары екенін және экологиялық мәдениеттің артқанын көрсетеді.

Қызылорда облысында 2025 жылы «Таза Қазақстан» акциясына 730 мыңға жуық тұрғын қатысты. Акция аясында облыс аумағынан 27 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылып, елді мекендердің көшелері, өндіріс орындары мен әлеуметтік нысандардың айналасы тазартылды. Соның ішінде, 505 саябақ пен сквер, 225 тарихи нысан, 791 әлеуметтік мекеме, 4596 өндірістік және кәсіптік нысан, 322 су айдыны, 47 мыңнан астам көше мен аула аумағы бар. Бұл жұмыстарға 540-тан астам техника тартылып, өңірдің барлық ауданы мен ауылы белсенді қатысты.

Бүгінде табиғатты көгалдандыру бағытында да ауқымды істер атқарылып жатыр. Облыс көлемінде 240 мыңнан астам ағаш көшеттері егілді. Оның ішінде Сыр өңіріне тән қарағаш, терек және Сыр талы секілді түрлері бар. Қызылорда қаласында Президент саябағы мен Денсаулық саябағы біріктіріліп, 64,5 гектар демалыс аймағы жаңартылуда. Сонымен қатар Қорқыт ата мемориалды алғашқы қайта абаттандырылып, жаңа ағаштар мен гүлзарлар отырғызылды. Қала аумағында 8 балалар ойын және спорт алаңы, жарық және орындықтар орнатылды.

Жалғасы 2-бетте

Бәйге

Бұқарбай батыр ауылында ел құрметіне бөленген қоғам қайраткері Сартай Мыханұлының туғанына 90 жыл толуына орай ұлттық ат спортынан облыстық деңгейде жарыс ұйымдастырылды. Жарыс алдында игі дәстүр бойынша ауыл жұрты мен қонақтарға арнайылап ас берілді. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев мерейтой иесінің ел игілігі жолындағы еңбегін еске алып, ұрпаққа өнеге боларлық өмір жолын атап өтті.

Шабандоздар оза шапты



Ас берудің соңы көпшілік асыға күткен ат жарысқа ұласты. Қайраткерді еске алуға арналған шарада шабандоздар сәйгүлігін атшабарда сынады. Додаға өңірдің әр ауданынан келген шабандоздар қатысып, жүйріктердің бабын, шабандоздардың шеберлігін көрсетті. Даланы шаңға бөккен жарыста құнаң, тоқ, аламан бәйге ұйымдастырылып, жүлдеге қаржылай сыйлықтар табысталды.

Атшабарда майдан салған жүйріктердің барлығы дерлік бұған дейін де талай жүлдені еншілеп жүрген бәйге аттары. Бүгінгі ат жарыста осындай республикаға танымал жүйріктер бәйгеге қосылып, ұланасыр тойдың көркін қыздырды.

Жарыс құнан бәйгеден бастау алды. Атқан оқтай зулаған сәйгүліктер ат спорты алаңын дүбірлетіп, 15 шақырым қашыққа шапты. Адамның делебесін қоздыратын мұндай ат жарыс ұлттық дәстүріміздің қайталанбас үрдісі екенін дәлелдей түсті.

Бұдан әрі ат жарыс 20 шақырымдық тоқ бәйгеге ұласты. Аттың тісіне де, түсіне де, жасына да қарамайтын бұл бәйгеде 20-ға жуық тұлпар бақталасты. Жиналған жұрттың делебесін қоздырып, қиқулаған дауыстар одан сайын ат спорты алаңын жаңғыртты.

«Той қызығы соңында» демекші, ат бәйгенің де ең қызығы – аламан бәйге. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші, шын жүйрік тұлпарлар осы 30 шақырымдық аламан бәйгеде анықталды. Көпшілік асыға күткен бәйгеде қатысушылар 15 айналым бойынша жарыс жолына шықты.

– Жылқыны бағып, баптап, бәйгеге қатыстыру – үлкен өнер. Асқан қызығушылықпен ұзақ жылдар бойы бәйгеге ден қойып келемін. Бүгін де жақсы бәйге өтті. Жалпы Бұқарбай батыр ауылындағы Мыхановтар әулетін ұлттық спорттың жанашыры десе де болады. Олар бұған дейін де ел көлемінде үлкен бәйге ұйымдастырған болатын. Бүгін сол игі шара жалғасын тауып отыр. Жалпы елімізде ұлттық спорттың насихаттау соңғы жылдары ерекше қарқынмен жүруде. Бұған әрине, қуанымыз керек. Тіпті бір-бірінен үлгі алып, осындай шараларды жиі қолға алу керек деп ойлаймын. Ал мұндай жұмыстардың, игі шараларды қолға алудың басында Мыхановтар әулеті бар. Ұйымдастырушыларға алғыстан басқа айтарым жоқ. Оның үстіне бүгінгі бәйге еңбек адамын еске алуға арналыпты. Оның өзі өнеге деп ойлаймын. Осындай қарапайым еңбек адамдарының өнегелі өмірі ескең ұрпаққа үлгі болатыны анық, – дейді шабандоз Әмірбек Ерғалиев.

Бәйгеден хабар келсе, жолдың қашықтығына қарамай асығып келген жұрт ат дүбірі тұяқтан, өр дүбірі намыстан жығылмаған бәсекеге толы бәйгенің куәсі болды. Сәйгүліктер сайысында желден озып, жеңіс төрінен көрінген тұлпарлар мен шабандоздар дүбірлі додада бәйгенің түріне қарай 100 мың теңгеден бастап, 3 млн теңгеге дейін қаржылай сыйлықтар иеленді.

Бұл жарыс елдік пен ерлікті дәріптеген, ұлттық дәстүр мен атбегілік өнерді ұрпақ жадында жаңғыртқан тағылымды шара болды.

Сезім НҰР



Брифинг

9 айда 836 іс қаралған

Өткен аптада аудандық сотта сала қызметкерлері мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Аудандық сот төрағасының міндетін атқарушы Асылхан Мизанбаев жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды саралап, тілшілердің бірқатар сұрағына жауап берді.

Спикердің айтуынша, 9 айда аудандық сотта 836 іс қаралған. Оның ішінде азаматтық 450, әкімшілік 4, қылмыстық 42, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 340 іс бар. Аяқталған 450 азаматтық іс бойынша 67 сот бұйрығы, 247 шешім шығарылса, 113 іс тоқтатылған. Ал 22 іс қараусыз қалдырылып, 1-еуі басқа соттың қарауына жолданған. А.Мизанбаев тоқтатылған азаматтық істерге қатысты 109 іс медиация бойынша, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама негізінде 96 іс қаралғанын айтады. Спикердің айтуынша, 9 айда азаматтық істер, оның ішінде шарт бойынша міндеттемеден туындаған даулар саны артқан, яғни банк, заем шарты, қарыз ақшаны қайтаруға байланысты жыл басынан бері аудандық сотқа 277 арыз түскен.

27 отбасы ажырасқан

Қоғамда белең алған өзекті мәселенің бірі – ажырасу. Ата-бабамыз «үйлену оңай, үй болу қиын» деп текке айтпаса керек. Өз қалауымен шаңырақ көтерген жас отбасылардың 27-сінің бүгінде шаңырағы шайқалған. Әрине, отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Әйтсе де мамандар жыл сайын қит етсе ажырасуға арыз жазатын отбасылар санының артып бара жатқанына алаңдаулы екенін жасырмады. Спикер некерлерін бұзуға арыз беретіндердің басым көпшілігі жастар екенін айтады. Олар сот залында әртүрлі себепті алға тартқан. Бірі зорлық-зомбылықтың құрбаны болғанын айтса, енді бірі тіл табыса алмағандарын айтады. Алайда төраға некені бұзу туралы азаматтық істі қараған

кезде ерлі-зайыптыларды татуластыруға, бір сөзбен айтқанда, некені сақтап қалуға тырысатындарын жеткізді. Сөзіне сүйенсек, екі жас ашу үстінде асығыс шешім қабылдамас үшін заң аясында некені бірден бұзбай тұрып, ойлануға біршама уақыт беріледі. Сол уақыт аралығында татуласып, бір-бірімен қайта жарасып кететіндер де бар.

Алимент төлеу – парыз

Екі жас ажырасқаннан кейінгі өзекті мәселе – алимент. Биыл 9 айда көмелетке толмаған балаларды бағу үшін алимент өндіру жайлы 21 талапкерден өтініш түскен. Алиментті уақытылы төлеумен бас тартып, қашып жүргендерге әкімшілік шара қолданылады. Ауданда жыл сайын борышкерлер саны артуда. Борышкерлер арасында табысын әдейі жасыратындар немесе айлығын аз етіп көрсететіндер де жоқ емес.

Иә, қоғамда баласының болашағына алаңдамай, тайрандап жүрген қашқын әкелер қатары артуда. Олар бауыр еті баласынан безгенмен, заңнан қашып құтыла алмайды. Себебі баласына борышкер әкелерге қолданатын жаза түрі жеңіл емес. Сондықтан борышкерлер баласының болашағына алаңдап, жауапкершіліктен жалтармай, әке екенін ұмытпағаны жөн.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық: 77 іс қаралған

Мұнан бөлек спикер 9 айда қылмыстық істер бойынша 42 іс аяқталып, үкім шығару арқылы 13 іс, сондай-ақ 11 іс



тоқтатылғанын айтады. Сондай-ақ 17 іс сотталығы бойынша жолданып, 16 адам сотталған. Оларға тағайындалған жаза түрлері – қоғамдық жұмысқа тарту, бас бостандығынан айыру. Аяқталған істердің санаттарын тарқатсақ, жеңіл санаттағы қылмыс – 7, ауырлығы орташа қылмыс – 12, ауыр қылмыс – 10, теріс қылмық санатындағы қылмыс саны – 13. Айта кетейік, алаяқтық бойынша да 12 іс қаралған.

– Әкімшілік құқық бұзушылықтың ең көп қаралған санаты – жеке бастың құқықтарына қол сұғатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасылық тұрмыстық қатынастарда тұратын адамдарға қатысты 77 істің қаралуы. Әкімшіке орай әйелдерге қатысты отбасылық зорлық-зомбылық әрекеттері жыл сайын тыйылар емес. Оған отбасындағы әйелге былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту және ұрып-соғу сынды әкімшілік құқық бұзушылық

істер санының азаймауы дәлел. Мұнан бөлек жол қозғалысы ережелерін бұзып, жәбірленушінің мүлкіне немесе денсаулығына зиян келтіру сынды тәртіп бұзушылар азаяр емес. Жыл басынан бері сотқа әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 346 іс түскен. Бүгінде оның 340-ы аяқталып, 271-іне жаза тағайындалған, ал 68 іс тоқтатылып, қор тараптың татуласуына байланысты 11 іс медиация тәртібімен тоқтатылған, – деді А.Мизанбаев.

Жаза тағайындалған азаматтардың 136-сына айыппұл салынып, 14-іне ескерту берілген. Сондай-ақ 100-і қамаққа алынып, 1 азамат көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жаза ретінде 16 адамға қолданылған. Баспасөз конференциясында сот төрағасы журналистердің бірқатар сұрағына жауап берді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ұлттық қолөнер ұлықталған күн

«Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен, «Аққыр ауылдық округі» мен «Дарын» бастауыш партия ұйымдарының бірлесе өткізуімен «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында «Киіз басу өнері – ұлттық мұра» атты танымдық іс-шара өтті. Шараның басты мақсаты – ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарды насихаттап, жас ұрпақты салт-дәстүрмен тәрбиелеу.

Киіз басу – қазақ халқының ежелгі қолөнерінің бірі. Киіз – қой жүнінен жасалып, үйдің жабындысы мен тұрмыстық бұйымдарға қолданылған. Шара аясында ауылдың ақжаулықты әжелері мен аудан орталығынан келген келіндер бірігіп, киіз басу өнерін көрсетті. Жүн сабау, илеу, ширату, ою салу және киізді басып шығару кезеңдері таныстырылып, бұл өнердің маңызы мен тәрбиелік мәні кеңінен айтылды.



– Бүгін Аққыр ауылында үлкен тағылымды шара өтіп жатыр. Аққырлық аналар жыл сайын киіз басуды дәстүрге айналдырған. Ұлттық өнерді ұлықтап жүрген аналарымыздан жас келіндер тәлім-тәрбие алсын, үйренсін деген ниетпен бүгінгі шараны өткізіп отырмыз. Қатысушы келіндердің барлығы бүгінде ұстаздық қызметте жүрген, жақында ғана ақ босаға аттаған. Жас та болса шараға өз сұраныстары бойынша қатысып, әжелерден қолөнердің қыр-сырын үйренуде. Бұл иіп шара алдағы уақытта жалғасын тауып, жыл сайын дәстүрге айналады деп сенеміз, – дейді «Amanat» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева.

Киіз басу бірнеше кезеңнен тұрады. Жүнді жуып, түтіп, тегістеп жайып, ыстық сумен бүркіп, орап, дөңгеленіп басады. Бұл үрдіс көп күш пен төзімділікті қажет етеді. Киізден текемет, сырмақ, түскиіз секілді бұйымдар дайындалып, олар ою-өрнекпен безендірілген. Киіз басу – тек еңбек емес, ұрпаққа тәрбие мен бірлікті дәріптейтін дәстүр. Ол айтуға өкілі болғанымен, оңай жасала салатын іс емес. Оған қолдың күші мен елтілік керек. Әжелердің айтуынша, киіз басу үшін қойдың күзем жүні таңдап алынады.

Шара ең алдымен жүн сабаудан бастау алды. Қырқылғаң, сұрыпталған жүннен бұйым жасау үшін жүнді ең алдымен тазалап алу қажет. Ол үшін қос шыбықпен жүннің іртігін жазып, шөп-шаламнан тазартып, үлпілдету керек. Әжелер жүн сабаудың ел ішінде қалыптасқан өзіндік тәсілдері барын айтады.

– Тулаққа салып жүн сабағанда сабаушылар қолдарын бірдей көтеріп-түсіріп отыру қажет. Әр адамның қолындағы қос сабау арқылы жүнді екі қолымен сабады. Сабаудың бұл әдісі қолдап сабау деп аталады. Қос қолдап сабау арқылы іртігі оңайлықпен жазылып, өте түдіктелген жүнді оңай тарқатуға болады. Мұнан бөлек жүн сабаудың кесіп сабау, көпіртіп сабау, есіп сабау секілді тәсілдері бар, – дейді Айша Кемелова.

Жүн сабаудан кейін дайын болған жүннен киіз басылады. Әжелер әндетіп, киіз ойдағыдай шықсын деген ниетпен жұмыстарын көтеріңкі көңіл күйде бастады. Киіз басу үшін шиге салу, шабақтау, бет тарту, су себу, тәуір, булау, білектеу, қарпу секілді тәсілдер қолданылады. Киіз басу үшін сабақталған жүнді белгілі көлемдегі шиді бетіне тегістеп, төсел шығады. Мұны «шиге салу» деп атайды. Ши бетіне салынған жүннің біркелкілігіне жөк жеткен соң ыстық су әкеліп, сүзгінің сырт

жағымен шашыратып, шидің бір жақ шетінен бастап себелеп құйып шықты. Әжелердің айтуынша, шашырата құйылған ыстық су өз салмағымен жүнді басып, шабақталған жүн мен тартылған жүнді бір-біріне жабыстырады. Сөйтіп жүн кіріге бастайды. Жүннің мұндай күйін киіздену деп атайды екен. Су себіле басталысымен әжелер мен жас келіндер басылып жатқан жүнді қабаттай шымыршықтап, шимен бірге жинап отырды. Шиді ширатып жинаған сайын қайта-қайта ыстық су құйылады. Киіз басудағы бұл жұмыс «су себу» деп аталады. Мұнан кейін жүн тартылған ши орала жиналып болған соң, оны сыртынан жіппен байлап, орта белінен арқанды өткізіп алды. Бұл әдіс шырышталып жатқан шиді домалатып сүйрету үшін қажет екен. Әжелер мен келіндер екі топқа бөлініп, шидің ең бойына қазқатар тұрып шиге ораулы киізді аяқтарымен бір бағытта тегіп отырды. Ал қарама-қарсы тұрғандар ұшы тұйықталған арқанмен шиді алға қарай тартып, өзіне қарай дөңгеленте сүйреді. Біраз жер дөңгеленте отырып төлкен соң шиді бұрып алып, қарсы бағытқа қарай тебеді. Киіз тебу уақыты 2 немесе 3 сағатқа созылды. Себебі әжелердің айтуынша, киіз неғұрлым көп тебілсе, соғырлым шымыр, тегіс, әдемі болып шығады. Сонда ғана киіз көп уақытқа дейін қолсымай, түтеленбей, сынын бұзбай, ұзақ уақытқа шыдайды.

Мұнан кейін қатысушылар булау әдісі арқылы киізді шиден шығарып, ыстық су құйып, үстін қалың нөрсемен жауып тастады. Буланған киізді бір немесе бір жарым сағатқа қалдырды. Ыстық буымен балбырап жатқан киізді қатарласа отырған киізшілер шидің үстіне көлденең жатқан киізді өздеріне қарай тартып алып, білегімен ұрып, аяққа салып басты. Білектеліп болған киізді ұзыннан екі қабаттап бүктеп, оның екі басын бір-біріне түйістіре жіппен көктей отырып, қарпу әдісі арқылы киіздің ұзындығын шығарды, яғни киізді алдымен оңға қарай жұпкі серпіп, одан кейін солға қарай серпілді. Қарпылған киіздің шеті жинақталып тегістелді. Қарпылған киіз қыл-қыбырынан тазаланады. Қарпу жұмысын әйелдер мен қатар ер адамдар да атқарған. Бұл жұмыс та бірер сағатқа созылды. Киіз басудың кенігі шебері болған Гүлбахарам әже әдіс-тәсілін ес білгеннен бері білетінін айтты.

– Мен киіз басуды жастайымнан анамнан үйрендім. Киізді қошқар мүйіз сынды түрлі оюлармен балаларымыз-

дың аттарымен түрлі-түсті жүн арқылы сәндітейтінбіз. Еңбекке ерте араласқандықтан анамыздан көп нәрсені үйрендік. Ол үнемі «үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы» деп айтып отыратын. Тек киіз басудың ғана емес, тоқыма тоқып, кесте тігудің, қурақ құраудың қыр-сырын меңгердік. Ендігі мақсатым – осы өнерді өз балаларыма келіндеріме үйрету. Жасыратыны жоқ, қазір киіз төсейтіндер аз. Себебі жастар жағы киіздің қандай пайдасы барын біле бермейді, – дейді Гүлбахарам Жылгелдиева.

Шара аясында ұлттық тағамдарға арналған бұрыш ұйымдастырылып, қазанжаппай, ірімшік, құрт, май, сияқты өнімдердің жасалу жолдары мен тарихы да қатысушылар назарына ұсынылды. Мұнан бөлек тапа нан мен бауырсақ та пісірілді. Әжелер тағамның әрқайсысының қандай жағдайда, қандай ниетпен әзірленетінін айтып, ұмыт болған дәстүрлерді еске түсірді.

Мәселен, қазанжаппай – ұлттық тағам түрі. Тапаға немесе қазанға пісіріледі. Шара барысында ауылдағы алтын ұяда физика пәнінен сабақ беретін Жаңалық Ташерова жас келіндерге қазанжаппайды дұрыс пісіру әдісін көрсетті.

Ол шоққа қазанды қыздырып алғаннан кейін майдың орнына тұзды суды сеуіп, қамырды кезек-кезек орналастырып шықты. Нан қызарғанша қазанды айналындырып отырып, дайын болғанда бетіне сүт немесе май жағуға болатынын айтты. Бұл нанның жұмсақ болуына әсер етеді екен.

– Бұл қазан менің анамнан қалған. Бала күнімде анамыз бізге күнде қазанжаппай пісіріп беретін. Соны көріп өскендіктен мен де өз балаларыма жиі пісіріп беремін. Нақтырақ айтсам, жаз мезгілінде күнде пісіремін. Бұл нанды көміп жүргеніме 10 жылдай уақыт болды, – дейді ол.

Аққыр ауылының аспанын еңге бөлеп, ұлттық өнер ұлықталған шара соңы әжелеріміз бен шараға қолдау білдірген жандарға партия филиалының төрағасы атынан алғыс хат пен сыйлық табыстаумен қорытындыланды. Бұл тағылымды шара – бабалар аманатын кейінгі буынға жеткізу жолындағы маңызды қадам. «Amanat» партиясы ұлттық рухты ұлықтайтын осындай бастама-ларды жалғастырып, ел арасында кеңінен насихаттай бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Таза Қазақстан: экологиялық бірегей жоба

«Таза Қазақстан» – табиғатты сақтау мен туған өлкеңі көркейтуге бағытталған елдік бастама. Қызылорда облысы бұл бағытта үлгі боларлық еңбек көрсетіп жүр. Облыста «Таза бейсенбі», «Жасыл мектеп», «Эко сөңбілі» сияқты тұрақты бастамалар жүзеге асырылып келеді. Туған жердің әрбір ауласын таза ұстау – әр азаматтың парызы. Бірлігі бекем, табиғаты таза елдің келешегі де жарқын болмақ.

«Таза Қазақстан»: ауданда ауқымды жұмыс бар

Еліміздің әр өңірінде жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Таза Қазақстан» республикалық акциясы қоғам өмірінің маңызды дәстүріне айналып үлгерді. Табиғатты аялау – ұрпақ болашағына қосылған үлкен үлес. Осы орайда Жалағаш ауданы тұрғындары бұл игі бастаманы жауапкершілікпен қабылдап, туған жердің көркін сақтау шараларында белсенділік танытып келеді.


Акция басталған сәттен-ақ Мырзабай ахун ауылындағы №122 орта мектептің жасыл клуб мүшелері 2024-2025 оқу жылында «Экологиялық таза өмір сүреміз» атты экочеллендж ұйымдастырды. Бұл – ауыл тұрғындары мен оқушылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған игі бастама.

Ауылдардың да дамуына ерекше назар аударылды. Мәселен, Еңбек ауылдық округіне кіреберіс арқа салынып, мемлекеттік рәміздер алаңы, автотұрақ, жаяу жүргіншілер жолы салынды. Ба-

лаларға арналған жаңа ойын алаңы да ашылып, ауыл келбетін айшықтай түсті. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық жобасы аясында Жалағаш ауданының барлық елді мекендерінде санитарлық тазарту, көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Тазалық пен табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Ауданымызды көгалдандыру, көркейту бағытындағы бұл бастама – тек бір реттік шара емес, тұрақты түрде жалғасатын жүйелі жұмыс. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда әр азаматтың үлесі маңызды, – деді аудан әкімі А.Ибраимов.

Республикалық экологиялық бастама шеңберінде ауданда да ағаш отырғызу шарасы өтті. Акцияға аудан әкімі Ардақ Ибраимов, еңбек ардагерлері, этнос өкілдері, кент тұрғындары мен ерікті жастар қатысты. Акция барысында аудан бойынша жалпы саны 2500 түп ағаш көшеті отырғызылып, 24 арнайы техниканың көмегімен 35 тонна қоқыс қалдықтары белгіленген орындарға шығарылды. Аудан әкімі акцияның маңызына тоқталып, жауапты мекемелерге егілген көшеттерді күтімге алу бойынша нақты міндеттер жүктеді. Бұған дейін аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес, аудан мекемелеріне тал егу және көгалдандыру үшін арнайы жер телімдері бөлінген болатын. Бұл бағытта белсенділік танытқан аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі қаржылай сертификатқа ие болды. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов акцияға белсене атсалысқан мекеме қызметкерлері



мен тұрғындарды марапаттап, үлес қосқан жандарға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ ол табиғатты аялауға үндей-тің игі істер алдағы уақытта да жағасын табатынын айтып, жүйелі жұмыстар жүргізетінін жеткізді.

«Таза Қазақстан» халықаралық деңгейдегі экологиялық қозғалыстардың ұлттық үлгісі іспеттес. Әлемдік тазалық күні 2008 жылы Эстониядан басталып, бүгінде 180-нен астам елде өткізіледі. «Таза ел» 2018 жылдан бері Ресейдің экология және табиғи ресурстар министрлігінің бастамасымен жүзеге асырылып келеді. «Таза Корея» қозғалысы 1990 жылдан бері жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары елде «қалдық-

сыз өмір» мәдениеті кең таралған.

«Таза Қазақстан» – елге ауадай қажет бастама. Табиғатты қорғау – ұлттық мәдениет, жауапкершіліктің айнасы. Таза орта қалыптастыру жобасы осы құндылықты дәріптеп, қоғам санасына экологиялық тәрбие сеуіп жүр. Әр өңірде атқарылған істер елдің ортақ игілігіне айналып, туған жердің көркін арттыруға жол ашып келеді. Бұл бастама – келешек ұрпаққа таза табиғат, жасыл ел қалдырудың ұтымды қадамы.

Гүлжан ЕСЖАН

Басы 1-бетте

Халқымыздың жері қандай дархан болса, көңілі де сондай кең. Қазақ «Алла кім-кімнің де пейіліне береді» деп бекер айтаған. Пейілі кең, жүрегі таза адамдардың төрт құбыласы да сай болған. Төрт құбыласы түгел жанның малы мыңғырған, өздері дәулетті, берекелі өмір сүрген. Біз қазір мұндай қамсыз тіршілікті көбіне кино туындылардан ғана көріп тамсанамыз.



Дархан елдің даңқты тұлғасы

Әрине, ағайын арасында кейде түсініспеушілік те болып тұратын. Бірақ «Жақсы адамның көңілі шайы орамал көпкөше» деп білетін халқымыз ешқашан өшпепділікті ту өткен емес. Кек сақтауды ар санаған. Жақын аймақтағы ұры-қарысына «Кел ішінде бір тентек жүрмей ме?» деп көңпейілдікпен қараса да, өз ортасындағы төнтекті ақсақалдары ақылмен тоқтатып, тәртіпке салып отырған. «Қол сыңса, жең ішінде, бас жарылса, бөрік ішінде» деген қағиданы ұстанып, ішкі араздықты сыртқа шығармай, тосыннан келген жауға қарсы келгенде «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, бірліктің үлгісін көрсеткен.

Менің Жілет атам осындай ынтымақ пен мамырахақтық кезеңде, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда өмір сүріпті. Ол заманда мал-жанға бай, дәулеті мен сәулеті жарасқан, аса ақуатты әулеттің иесі болатын. Үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі бар, қой-ешкісінің санын өзі де есептейтін. Табындағы сиырларын мал екен деп те қарайтын дәулетті жан еді.

Бірақ Жілеттің аты дәулетпен ғана емес, парасатымен шыққан. Ауыл-аймақтың арасындағы небір даулы істерді, күрмеуі қиын күрделі мәселелерді атам бірауыз сөзбен шешіп беретін. Қай мәселе басталарда ел «Жілет келсін», Жілетсіз дау бітпейді» деп шақыратын. Осының бәрі оның халық алдындағы беделі мен сөзінің өтімділігінің айғағы болатын.

Қайсармiнезді, әділ шешімінен таймайтын ол кісінің «Қырылдауық Жілет» атануы да тегін емес. Ел аузындағы әпсаналарда айтылғандай, бір дауда риза болмаған жақ атамызды қамшымен мойнынан тартқанда кеңірдегі ішке кіріп, кейін дауысы қарлыққан деседі. Содан жұрт оны «Қырылдауық Жілет» атап кеткен. Бірақ осы ерекшелігі оның даңқын одан әрі асырған. Тіпті кейбір қарсылық білдіргендерге, ол өзімен бірге алып жүретін дорбасында жез құман болатын, ат үстінде сонымен салып жібереді екен. «Дорбаға да адам құлайды екен» деп ел арасында айтылатын әзіл-шұны аралас еңгіме содан қалған. Міне, осылайша Жілет атамыз ел ішінде сыйлы, сөзге тоқтаған, әділ төрелігімен танылған тұлға болды.

Қазақ елінің тағдырын түбегейлі өзгерткен кезеңнің бірі Кеңес дәуіріндегі саяси науқан еді. Ресейде помещиктер мен кулактарды қуғындаған идея қазақ даласына да жетті. Біліктің сөзіне еліткен шолақбелсенділер «Қожа мен молданы қойдай қамшымен» деп көзі ашықтарға шүйлікті. Голощёкиннің «Қазақстандағы кіші Октябрь» науқаны қазақ халқының тағдырына ауыр соққы болып түнді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен елді күңкерісінен айырды.

Бір кезде дәулеті бар елдің беделді, білікті азаматтары түгел қуғынға түсті. «Бай-құлақ» атанғандар отбасымен қоса итжеккенге айдалып, мал-мүлкі тәркіленді. Қуғын-сүргін қазақ даласын қаңқыратып тастады. Сол «жер ауған жақсылардың» қатарында менің атам Жілет те бар еді. Әділдігімен танылған, небір даулы мәселелерді шешкен, елінің сүйеніші болған Жілет атамыз да былғары күртеше киген шолақбелсенділердің жазасына ілікті. Ел ішінде беделді зор адамды көреалмаушылық пен қызғаныш та қоздырды. «Жілетсіз дау шешілмейді» деп қадірлеген халқы қолынан келген көмегі аямас да, біліктің тегеурінін қарсы тұра алмады.

Елде абақты болмағандықтан, тұтқындалғандары қамақ үйіне отырғызған, терезесін жұлып әкеткен. Солардың ішінде Жілет те болған. Ақыры туған топырағынан шырақта, Ташкент жаққа жан сақтап кетті. Кейін ұрпақтары көп жыл бойы оның бейітін іздеп, Славянқа деген шағын ауыл маңынан тауып, қоршап, белгі қойды.

Атамыз кеткен соң ел ішіндегі дау-шарды шешетін, халыққа жөн сілтейтіндер сиреп қалды. «Жілет келмейінше дау шешілмейді» деген сөз де елдің аузында аңыз болып қалды.

Жілет атаның үш перзентінің ішінде жалғыз ұл болған, қырыай, менің әкем. Ерке болып ессе де, тентек, шолқан емес, ақылды, бөріне серілігі сай азамат болып ер жетті. Әкемнің жастық шағы аңшылықпен, саятшылықпен өрнектелді. Құс салып, тазы жүгіртіп, табиғаттың сұлу көрінісін қызықтап, серілік құрған. Солардың ішінде ерекше аңыз болып қалғаны Алыпсоқ атты ит еді. Арлан қасқырға талсаймап түсетін, иесінің қасында жүріп ауылды іт-құстан қорғап отыратын бұл ит талай рет әкеміңіз мәртебесін асырған. Ат үстінде келе жатқан адамды да аударып тастайтын қайратты болатын. Баласының айтағы үшін кейде әкеміз ат-шапан айып төлеген кездері де болған.

Бірақ иесіне жан-тәнімен берілген сол Алыпсоқ та заманның зобалына қарсы тұра алмады. Шолақбелсенділердің қырғынынан әкем мен анамды құтқарып қала алмады. Түрмеден-түрме, айдаудан-айдау көрген әке-шешем он жыл бойы зобаланып бар азабын бастан көшірді. «Байтал түгіл бас қайыр» дегендей, ол жылдары ерлі-зайыптыр тек өз бастарының амаңдығын ойлап, он жыл бойы перзент сүйе алмады. Ағайын-туысы: – Әйеліңнің пушпағы қанамағалы он жыл өтті, ұрпақсыз қаласың. Басқа әйел ал – деп үгіттесе де бол алдырмады.

Анам өзі де: – Туғандарың дұрыс айтты. Әлі жасың, ұрпақ жалғастыру үшін басқаға қосыл – дегенде, әкем жұбатудан таппайты.

– Жылама, Құдай берсе, көрерміз, бермесе, соны да көрерміз. Жұрттың сөзін не қыласың? – деп демеу беріпті. Ақыры үміт оты өшпеді. 1937 жылдың қатаң ызғары өткен соң, қуғын-сүргін саябырсыған шақта анамыз тұңғыш ұлды дүниеге әкелді. Бірақ сұрапыл соғыс жылдарындағы ауыртылалықтан себидің ғұмыры ұзақ болмай, қырқынан шықпай шетінен кетеді. Он жыл құтқан нәрседен айырылған анамыз зарлап жылағанда, әкем тағы да сабырға шақырыпты.

– Алла берейін десе, құдіреті шексіз. Ең алдымен өкеүміздің амаңдығымызды тілейік, – деген екен.

Алғашқы құдіретім менің тағы екі ұл дүниеге келеді. Ал 1949 жылы 15 қыркүйекте үшінші перзентім мені келдім. Әкем қуаныштан да-лаға шығып: – Қызы бар адам құдай болса, мен құдай болдым! – деп айқайлапты.

«Қыз қабағында күт бар» деген сөзді берік ұстанған әкем мені ерекше жақсы көрді. Ол 1966 жылы №123 орта мектепті бітірген соң мені Жалағаштағы медицина училищесіне әкелді. Сөйтіп Қызылорда медучилищесінің филиалында 2 жыл дәріс алып, аяжан атандым.

Осылайша «аққалатты абзал жан» деген атаққа дақ түсірмей, 41 жыл бойы талай жанның өміріне араша болып, көптің ризашылығына бөлендім. Еңбек жолымың ең соңғы белесі қалалық жедел жәрдем стансасы болды. Бұл жерде табан аудармай 25 жыл қызмет етіп, еңбек өтіліме байланысты зейнеткерлікке шықтым.

Әр еңбек күнім менің өмірлік тәжірибемді байытты, әрбір алғыс пен батаның құны мен үшін өлшеусіз болды. Ақыры адал еңбектің арқасында зейнет жасына да жеттік.

Өмірімнің мәні де, сәні де – ұрпақ жалғастығы. Бүгінде үш ұлым бар, әрқайсысы өмірден өз жолын тапқан. Қуанышымызды еселеп отырған он немереміз және сүйікті шеберлеріміз бар. Әрқайсысының күнімі мен жетістігі – мен үшін өлшеусіз байлық, шексіз бақыт. Әкем жалғыз ұл еді етіп айтты едім ғой, одан төрт ұл, яғни Әбдіқаппар мен Қайранбай ағаларым, інілерім Қабдолла мен Әлиакбар, сондай-ақ сіңілім Рахиладан тараған ұрпақ өсіп-өнді. Шүкір, бүгінде Алла көптік өтпесін, 20 шақты шыңырақ түзіп, бір-бірімен тату-тәтті ғұмыр көшіп келеді. Бұл – әулетіміздің ең үлкен қуанышы әрі тірегі.

Біз үшін ерекше тағдырлы сәттердің бірі Жілет атамның бейітін тауып, басына белгі қою болды. Сол арқылы тектің ізі жоғалмай, өткенді қадірлеу, атаның аруағына тағзым ету парызымызды орындадық. Әйтсе де тарихтың талай бұраланынан өтіп, әулетіміздің тегі «Жілетов» емес, «Ибраев» болып кеткені – біз үшін жүректелі бір өкініш. Бірақ қанша жерден ат өзгеше аталса да, аргы тектің рухы мен аманатын сақтап келеміз.

Жілет атаның тағылымы өмірі бізге өнеге болып қалды. Оның көрген қиындығы мен қайсарлығы, ел үшін жасаған еңбегі, әділдігі ұрпағына жол көрсеткен шамшырақ іспетті.

Бүгінгі ұрпағы берекелі, тату, еңбекқор әулетке айналды. Қанша-ма шаңырақтың шаттығы мен бірлігіне сол атаның тәлімі жатыр. Біз арауақ алдындағы парызымызды орындап, ұрпақ жалғастығын сақтап отырғанымызды мақтан етеміз. Атамызға кезінде ел ішінде «Қырылдауық Жілет» деген аттың берілуі – оның өмір жолындағы ерекше белгі. Халық жадында қалған өнегелі сөз. Бұл атау тек айтқыстың қызық шешімі ғана емес, атамыздың елге сіңірген еңбегінің де белгісіздігі болып сақталды.

Қанша Ибраева, Жілет әулетінің қызы



Біз қотам болып балалар шығармашылығын қалт жібермей қадаталап отыруға тиіспіз. Өйткені онда балалардың бүгінгі болмысы мен ертеңгі болашағы көрініс береді. Қолына алғаш қалам алған жас талапкер көкейіндегі барлық ойын, арман-мақсатын ақ қағаздың бетіне төгеді және олардың шығармашылығы тау суындай мөлдір, бұлтсыз аспандай ашық, жасандылықтан ада. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеген ақын, қарымды қаламгер Адырбек Сопыбековтің бір топ өлеңін жариялап отырмыз.



Менің Әліппем

Қолыма кітап тигеннен,
Таудай болып үйге енгем.
«Анашым» – деп жазуды,
Әліппеден таныдым.

Әріптің біліп қанығын,
Өмірдің көрдім анығын.
«Әке» – деп те жазуды,
Әліппеден таныдым.

Білем байтақ даланы,
Білем үлкен қаланы.
Әліппеде бері тұр,
Білем жақсы баланы.

Әскерде жүр өз ағам,
Арнап жақсы сөз оғам,

Әліппеден үйрендім,
Хатты өзім жаза алам.

Орындалып тілегім,
Әліппеден түледім.
Қызық-қызық енді мен,
Ертегі айта білемін.

Шеше аламын жұмбақты,
Ажыратам жан-жақты.
Білім беріп Әліппем,
Жүрегіме шам жақты.

Қолымнан мен тастамаң,
Артық көрем басқадан.
Барар жолды білімге,
Әліппеден бастағам.

Әжем

Әжем,
Қашан барсам да,
Ет, май қойып сыйлайды.
Жеп-жеп тойып қалсам да:
“Алсаңшы” деп қинайды.

Онысына көнем бе,
Жөйтін енді шамам жоқ,
Балмұздақ беріп, егерде,
Қинап жатса, амал жоқ.



Күншуақ

Қыс өтіп,
Көктем көп еді,
Бұлт та жоқ,
Аспан ашық-тын.
Күн нұрын көктем төгеді,
Далаға мен де асықтым.

Апама анау қара өні,
Киізді жайып тастаған.
Жадырап әжем қабағы,
Ұршық иіре бастаған.

Жан кіріп қапты бұтаққа,
Түрленіп дала күн санап.
Қарайды ағам кітапқа,
Жеңешем отыр жүн сабап.

Бақташы атам өріске,
Көз салып ұзақ қарайды.
Сүйсініп,
Бірге ілескен,
Бұзауын сиыр жалайды.

Жайлауым қандай көк еді,
Көл-дағы жатыр тыншып-ақ.
Күн нұрын көктем төгеді,
Ғажап қой, қара, күншуақ!

Қарауыл

Жүрген бала ауылда,
Жиналдық та жан-жақтаң,
Түстік келіп қауынға,
Аса салып шарбақтаң.

Алақтаумен әлекпің,
Жетпей адам шыдамы.
Әр астынан пәлектің,
Қауын иіс шығады.

Байқап қойып ауылды,
Ісімізді бастадық.
Үздік төрт-бес қауынды,
Қорқып онша саспадақ.

Біреу көріп қалмай ма,
Сүттей аппақ ай деген?
Бізді ұстап алмай ма,
Қарауылы қайда екен?

Өзімізді ал мақтап,
Батырға да балаймыз.
Сонда-дағы алақтап,
Бұғып-бұғып қараймыз.

Ешнарсе жоқ сезінген,
Күліп жүрміз жиналып.
Қауындарды үзілген,
Үйіп-үйіп жинадық.

Тез бітуге асығам,
Кідіруге болмайды.
Кенет қауын басынаң,
Қолын біреу бұлғады.

Кетті қашып әліміз,
Ешкім жоқта батырмыз.
Бұға қалып бөріміз,
Қозғалмастан жатырмыз.

Болдық зытып қашпақшы,
Қорқып жатып таң атты.
Сөйтсек шапан-қарақшы,
Қарауыл боп қарапты.

Өзің не дейсің?

Асан менен Олжабай,
Мысық жайлы таласты.
Ойға түсіп көп жағдай,
Саусақ бүгіп санасты.

Асан айтты:
– Бұл мысық,
Рахатқа батады.
Қимылдамай бүк түсіп,
Күндіз-түні жатады.

Біз сияқты қиналып,
Оқымайды сабағын.
Кейде осы жиналып,
Біз береміз тамағын.

Ұзамайды бұл үйдең,
Жол жүрмейді ең алыс.
Өзі өбден үйренген,
Бұған күнде демалыс.

Сонда тұрып Олжабай,
Былай деді бас шайқап:
– Жақсы емес бұл жағы-ай,
Ойлап көрші сәл байқап.

Айта қойшы кей ісін,
Несі мұның орынды-ақ.
Дұрыс нәрсе деимісін,
Ұйықтай берген қорылдап.

Оқымаса сабақты,
Миына түк бармайды.
Болмай қалған сауатты,
Содан сөйлей алмайды.

Қызық кино көрмейді,
Оқымайды кітапты.
Бұған көңіл бөлмейді,
Бұдан мысық не тапты?

Мықтап ойлаң, асықпа,
Мейлі сұрақ көбейсін.
Қызық емес мысыққа,
Бұған өзің не дейсің?



Жүйткіп пойыз келеді

Туған өлкем бай неткен,
Көсіліп жатқан көлемі.
Отырмын қарап әйнектен,
Жүйткіп пойыз келеді.

Сап-сары алтын бидайдың,
Сабағы төмен төнеді.
Қызыға қарап қимаймың,
Жүйткіп пойыз келеді.

Сап-сары алтын бидайдың,
Сабағы төмен төнеді.
Қызыға қарап қимаймың,
Жүйткіп пойыз келеді.

Әрбір қырат, баурайды,
Қаптаған мал көп еді.
Төбеден күн аумады,
Жүйткіп пойыз келеді.

Тұнығын көштік теңселтіп,
Не деген мөлдір көп еді.
Берін де маған көрсетіп,
Жүйткіп пойыз келеді.

Күшік пен мысық

Жатқан күшік бүк түсіп,
Өте берді бір мысық.

Күшік оған ырылдады
Бірақ мысық бұрылмады.

Бірте-бірте алыстады,
Бұған күшік намыстанды.

Шыдамады бұл күшік,
Орынынан тұрды ұшып.

Ашу деген буды кеп,
Тез соңынан қуды кеп.

Жетіп тістей бергенде,
Мысық талдың, бір демде,

Шығып кетті басына,
Ілестірмей қасына.

Шыға алмады, тал биік,
Күшік қалды аңқыып.

Қумау керек әу баста,
Әуре болды құр босқа!



Көктем шыға қар еріп,
Жылғалардан су жүрді.
Бүршік жарды тал, өрік,
Бал бұлақтар жүгірді.

Наурыз тойын тойлайды,
Асау бұлақ атқылап.
Жар басында ойнайды,
Қозы-лақтар шапқылап.

Қызғалдақтар гүл ашқан,
Қырқамызға қаптады.
Көктем күні нұр шашқан,
Төбеге кеп тоқтады.

Дала қандай көк майса,
Көктем күнін ұнаттым.
Атам менің қой жайса,
Қозы-пақты мен бақтым.

Атам озат атанды,
Қатарынан қалмады.
Жиналысқа атамды,
Шақырыпты Алматы.
Қоштасты да ол бізбен,
Алматыға аттанды.
Қойды да өзім өргізем,
Бақтым қозы-лақтарды.

Өргіземін таң алаң,
Қозыларды айырып.
Күн қызғанда демалам,
Көк өзенге қайырып.

Осы жастан әр істен,
Үйрене мен беремін.
Кеш болғанда өрістен,
Өлендетіп келемін.

Дамыл таппай әлі де,
Қозы-лақтар маңырап,
Енесіне бері де,
Қосылды кеп жамырап.

Күн де батты біртіндеп,
Апам малды жайғады.
Екі иығы бүлкілдеп,
Ақ самаурын қайнады.

Кешке бері жиналды,
Дастарханды жайысып.
Қосып теледидарды,
Отыр едік шай ішіп.

Жиналыстан бір кезде,
Көріп қалдым атамды.
Күлімдейді ол бізге,
Есімі де аталды.

Атам шықты мінбеге,
Айтты сөзін ол ізгі.
Көмекшім деп күлді де,
Мақтап қойды ол бізді...

«Бүгін жетем!» – деп еді,
Қарап тұрмын жолға мен.
Әне, атам келеді,
Әдемі көк «Волгамен».

Бақыттымын бұл кеште,
Әуелетіп салдым ән.
Қызғалдақтан гүлдесте,
Алып шықтым алдынан.

Атам жеңіл қозғалып,
Жетті екі-үш аттап.
Мені айналып-толғанып,
Сүйе берді құшақтап.

Сипап сосын басымнан:
“Базарлық” деп саған бұл.
Абайдың бір басылған,
Кітабын берді маған бір.

Базарлық

САЙЛАУ – 2025

Сұхбат

Халықтың талап-тілегі бәрінен маңызды

Осы айдың соңына таман Жалағаш ауданының мәслихаты тағы бір депутатпен толықпақ, әзірге үміткер есебінде 3 кандидат тіркеліп отыр. Жалпы олардың мақсаты қандай? Алдағы уақытта мәслихат депутаты болса, аудандағы қандай мәселелердің шешіміне жұмыс жасамақ? Осы және өзге де бірқатар сауалымыздың түйінін тарқату үшін №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Лайла Шоменовамен сұхбаттастық...

– *Лайла Шарипканиқызы, бірінші кезекте алдағы саяси науқанға қатысты талабыңызға сәттілік тілейміз! Жалпы депутаттыққа үміткер ретінде бақ сынауыңыздың мақсаты қандай?*

– Депутат болу оңай шаруа емес, сондықтан мен бұл мақсатқа мың ойланым, жүз толғанып келдім. Халық сенімін арқалап, сол елдің мәселесін көтеріп, оның шешіміне себепші болу да оңай шаруа емес. Бірақ мұның бәрі депутаттың негізгі міндеті деп санаймын. Мен неге үміткер болар алдында көп ойландым? Бірінші кезекте сен ертең сайлаушылардың басым дауысына ие болған күннің өзінде халықтың сенімін арқалап, олардың мәселесінің шешілуіне жұмыс жасай аласың ба? Мен осы сауалға бас қатырдым. Тіпті ауданда, оған қарасты ауылдарда қандай мәселелер бар, соның барлығын зерттедім. Алдағы уақытта депутат болсам, сол мәселелердің шешіміне еңбек етіп, халықпен тығыз байланыс орната отырып, олардың талап-тілегіне бейжай қарамаймын.

– *Жалпы бұған дейінгі басылым бетінде жарық көрген сайлауалды бағдарламаңызды қарап шықтық, онда сіз білім*

саласына ерекше тоқталыпсыз. Бұл көзқарас сіздің тек осы саланың өкілі болғандықтан қалыптасқан жоқ па?

– Қателесесіз, мен жол, жарық, ауызсу және басқа да инфрақұрылымға қатысты мәселелерді қамтыдым. Рас, білім саласына да көп тоқталдым. Неге? Міне, сіз әуелі осы сауалға бас қатырыңыз. Бірінші кезекте қазір білімдінің заманы екені айтпаса да түсінікті. Мемлекет басшысы бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруды міндеттеді. Бұл мақсатқа тағы да білімсіз қадам баса алмаймыз. Сондықтан біз білім саласына қатысты барлық мәселені шешіп, балалардың сапалы білім алуына жағдай жасауымыз керек. Ауыл мен қала мектептерінің арасындағы білім сапасына қатысты алшақтыққа жол бермеуіміз керек. Ол үшін бірінші кезекте ауыл мектептерін қажетті заманауи құрал-жабдықтармен, жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету керек. Бұл бағытта ауданда жақсы жұмыс бар, бірақ алдағы уақытта осы қарқын өлі де бәседемеуі тиіс. Жалағаш ауданының мәслихатына депутат болсам, білім саласындағы өзекті мәселелерді мәслихат мінберінде көтеріп, олардың шешімін табуына жұмыс

жасаймын.

– *Бағана жол сапасына, ауызсуға және басқа да салаларға қатысты мәселелерді қамтыдым деп қалдыңыз. Жалпы мұндай мәселелердің шешіміне қатысты ауданда жақсы жобалар қолға алынып, құрылыс қарқын алды. Алдағы уақытта мәслихат депутаты болсаңыз, аудандағы басқа да қандай мәселелерді қамтисыз?*

– Рас, бұл сөзіңізді жоққа шығара алмаймын, ауданда жалпы инфрақұрылымды жақсартуға қатысты нақты жобалар жүзеге асып келеді. Бірақ бұл Жалағашта енді жол ауыз су жүйесі, жарық және басқа да салалар бойынша ешқандай мәселе жоқ деген сөз емес қой. Ауданда әлі де бұл салаларға қатысты мәселелер бар. Мысалы, ішкі көшелері жөндеуді қажет ететін ауылдар әлі де баршылық деп ойлаймын. Ауыз су жүйесі тозған елді мекендер де жоқ емес. Электр жарығы тозған ауылдар да бар. Сондықтан алдағы уақытта осындай мәселелердің шешімін табуы үшін мәслихат мінберінде билік өкілдеріне халықтың талап-тілегін жеткіземін.

– *Сіз үшін халықтың талап-тілегі қаншалықты маңызды?*

– Мен бұрыннан біреудің мәселесіне елең айтып қараған адам емеспін. Бойымдағы осы қасиет менің үміткер болуыма басты себеп болды деп ойлаймын. Өйткені депутат бірінші кезекте халықтың мәселесіне бейжай, жүрдім-бардым қарамауы тиіс. Жүз пайыз оның мәселесінің шешімі жоқ екеніне көзі жетіп тұрса да, «Бұл мәселенің шешімі қандай?» деген сауалға бас қатыру керек. Сонда ғана ел ішіндегі мәселелер көзең-көзеңімен шешімін табады. Президент неге «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын жүзеге асыруға шақырады? Өйткені халық пен билік арасындағы алшақтыққа, сенімсіздікке бұл ұстаным жол бермейді. Ал мұны жүзеге асыруға бірінші кезекте депутаттар күш салуы керек деп ойлаймын. Сондықтан алдағы уақытта мәслихат депутаты болып сайлансам, мейлінше халықпен тығыз байланыс орнатып, олардың мәселесінің шешіміне еңбек етемін.

– *Сіз бұл сайлауға қай партияның атынан түсіп отырсыз және мәслихат депутаты болу сізге алдағы уақытта қандай жауапкершілік жүктейді?*

– Аудандық мәслихат депутаттары – халықтың сенімін арқалаған, ел мен жердің мәселесін билікке жеткізетін халық өкілі. Бұл – зор жауапкершілік пен сенімді талап ететін міндет. Мен «Ауыл» партиясының атынан аудандық мәслихат депутаты болып сайлауға қатысуға шешім қабылдадым. 30 жылға жуық білім саласында қызмет атқарып келемін. Өзім туған, өсіп-өнген өңірдің мәселелерін терең білемін, сондықтан сайлаушылар үмітін ақтап,



қордаланған мәселелердің шешімін табуға бар күшімді саламын. Мен үшін басты мақсат – ауданымыздың, ауыл-аймақтың дамуына үлес қосу, халықтың талап-тілегін тыңдау, өділ әрі ашық жұмыс істеу. Сайлаушылар сенімі – мен үшін ең үлкен жауапкершілік!

– *Сұхбатыңызға рақмет!*

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Сұхбат

Сайлаушылар сенімін бәрінен жоғары қоямын

№8 бірмандаттық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлердің осыған дейін сайлауалды бағдарламалары жарияланған болатын. Кандидаттар қатарында Салтанат Сариева да бар. Кеше біз мәслихат депутаттығына үміткермен сұхбаттасып, бірқатар сауалымызға жауап алдық...

– *Салтанат Сергейқызы, сіз үшін депутаттың негізгі міндеті қандай?*

– Ел сенімін арқалап, халықтың мәселесінің шешілуіне жұмыс жасау екінің бірінші қолынан келе бермейді. Бірақ дәл осы мақсатқа жұмыс жасаған адамды еңбектен бақыт тапқан азмат деп айтуға болады. Әсіресе ел көтерген мәселенің шешіміне тамшыдай болса да үлес қосу – үлкен бақыт. Осындай жауапкершілікті талап ететін депутаттың да өзіне жүктелетін міндеті болады. Ол – ел ішіндегі мәселелерді көтеріп, оның шешіміне себепші болу.

– *Алдағы сайлаудың сіз үшін маңызы қандай?*

– Алдағы сайлау – түсінген адамға маңызды саяси науқан. Бұл халық үшін де, кандидат үшінде маңызды. Олай дейтінім, ел ертең мәселесіне құлақ түріп, оның шешіміне жұмыс жасайтын адамын таңдайды. Ал кандидат соған сай еңбек етуге тырысады. Мен бұл сайлауда үміткер болар алдында «Ертең сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, не істеймін?» деген сауалдың түйінін тарқатуға тырыстым. Бұған көшегі сайлауалды бағдарламамда да кеңінен тоқталған болатынмын. Мәслихат депутаты болу түсінген адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан үміткер болмас бұрын мен бұл қадамды тыңғылықты дайындықпен жасадым.

– *Сайлауға түсудегі мақсатыңыз қандай?*

– Жалпы сайлауға түсудегі басты мақсатым – елдің ертеңіне еңбек етіп, ауданның, яғни туған жердің дамуына тамшыдай болса да өз үлесімді қосу. Ал алдағы саяси науқан маған осы мақсаттарымды жүзеге асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Сондықтан сайлаушылар қолдауымен алдағы уақытта өңірдің өркендеуіне еңбек етуге дайынмын.

Жалпы мен бұл сайлауға тыңғылықты мақсатпен келдім. Үміткер болар алдында өз алдыма үлкен мақсат қойдым. Оның барлығы туған жерді түлтеуге негізделген. Сондықтан алдағы уақытта ауылдың, ауданның дамуына жұмыс жасау үшін осы саяси науқанда бақ сынауға бел буып отырмын.

– *Сайлаушылардың басым дауысымен мәслихат депутаты болсаңыз, мәслихат мінберінде қандай мәселелерді көтересіз?*

– Жалпы ауданда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды деп айтуға толық негіз бар. Бірақ бұл ауданда жол сапасына қатысты өнді ешқандай мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Әлі де Жалағаш ауданында жол сапасына қатысты шешімін табуы тиіс мәселелер бар. Сондықтан алдағы уақытта осындай мәселелерді аудандық мәслихат мінберінде көтеріп, оның шешімін табуына жұмыс жасаймын. Әсіресе біз шалғай ауылдардағы ішкі көшелер мәселесіне басымдық беріп, сапасының жақсаруына жұмыс жасауымыз керек.

Елімізде білім саласына бұрыннан қолдау бар, қазір бұл қолдау қарқыны артпаса, бәсеңдеген емес. Сондықтан алдағы уақытта ауданда бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда білім сапасын арттыруға басымдық беремін. Өзім осы саланың қызметкері болғандықтан бұл жағы қыныға соқпайды деп ойлаймын.

Екінші кезекте ауыл мен қала мектептерінің арасындағы білім сапасына қатысты алшақтыққа жол бермеуге күш саламын. Оқушылардың білім мен бойындағы талантын шыңдауы үшін олардың қосымша үйірмелермен қамтылуын қадағалаймын. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру үшін ең алдымен осы мәселелерге басымдық беру керек. Сонда ғана салада серпін қалыптастырып, мемлекеттің жарқын болашағына нық қадам жасай аламыз.

Мен үшін халықтың денсаулығы бөрінен маңызды. Сондықтан олардың көз келген уақытта сапалы медициналық көмек алуына жағдай жасаймын. Халық арасында салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсіндіріп, олардың денсаулығына бейжай қарауына жол бермеймін. Сондай-ақ ауылдық елді мекендерге білікті мамандарды тартып, ауылдағы ағайынның сапалы медициналық көмекке

қол жеткізуіне жол ашамын.

Спорт та елдегі ең маңызды саланың бірі екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан алдағы уақытта ауылдық елді мекендерде спорттық көшөндөрдін бой көтеруіне ықпал етіп, онда спорттық үйірмелөрдін көптеп жұмыс жасауына жағдай жасаймын. Біз осындай жобаларды қолға алу арқылы елдің спорт саласына серпін беріп, қарапайым ауыл балаларынан чемпион шығаруға жол ашамыз.

Жалпы бұл сайлауда елдің ертеңіне қажетті басқа да жобаларым, мақсаттарым жөтерлік. Ал оны жүзеге асыру үшін бірінші кезекте сайлаушылар қолдауы қажет. Сондықтан сіздердің қолдауларыңызбен депутат болып сайлансам, алдағы уақытта жалағаштықардың жарқын болашағына еңбек етемін. Мен үшін сайлаушылардың әр дауысы жауапкершілік жүктейді.

– *«Бұл сапаны қалай дамытамыз?» деген заңды сауал туындайды. Шындығында, қазір мемлекет кәсіпкерлік сапасын дамытуға барлық жағдайды жасап отыр. Қайтарымысыз қаражат, пайыздық үстемақысы төмен несие бұл сөзімізді қуаттайды. Бұл қолдаулар қалпаңда ешқандай қаржысы жоқ азаматтардың да іс бастауына мүмкіндік бөреді. Міне, осы ретте мен аудандық мәслихат депутаты болсам, бірінші кезекте қарапайым азаматтардың, кәсіпкерлердің осындай мемлекеттік қолдауларға ие болуына, іс бастауына, кәсібінің көкжиегін кеңейтуіне жол ашамын.*

Жалпы ауданда мұнан өзге де мәселелер жоқ емес, бұйыртса, алдағы уақытта депутат болсам, соның барлығының шешіміне еңбек



өтемін. Ол үшін бірінші кезекте сайлаушылардың қолдауы маңызды. Сондықтан алдағы саяси науқанда сайлаушылар мені қолдаса, ел ішіндегі барлық мәселенің шешіміне еңбек етуге, халықтың талап-тілегін жергілікті билік өкілдеріне жеткізіп, оның шешіміне жұмыс жасауға дайынмын.

– *Сұхбатыңызға рақмет!*

Сұхбаттасқан К.БАЛТАБАЙ

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Сұхбат

Ауыл дамыса, алға басамыз

Санаулы күндерден кейін ауданда саяси науқан басталмақ. Осы орайда біз кандидаттармен сұхбаттасып, олардың депутаттыққа үміткер болудағы мақсатын сұрағанбыз. Сондай-ақ алдағы уақытта депутат болған жағдайда ел ішіндегі қандай мәселелерге мән береді? №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Фараби Асылбекұлы осындай бірқатар сауалымыздың түйінін тарқатты.

– *Фараби Асылбекұлы, алдағы сайлауда өзіңізге сәттілік тілейміз. Жалпы саяси науқанда үміткер болудағы мақсатыңыз қандай? Сіз үшін депутат қандай болуы керек? Алдымен осы сауалдардың түйінін тарқатсақ...*

– Алдағы уақытта Жалағаш ауданында халық үшін де, кандидаттар үшін де маңызды саяси науқан күтіп тұр. Өзім де бұл сайлауда кандидаттардың бірімін. Көшегі сайлауалды бағдарламада Жалағаш ауданының мәслихат депутаты болуға не үшін мақсат еткенімді, мәслихат депутаты болсам, қандай жобалардың жүзеге асуына, аудандағы қандай мәселелердің шешімін табуына еңбек ететінімді де айтым.

«Сіз үшін депутат қандай болуы керек?» деген сауалыңызға көпсек, халық сенімін арқалап, елдің алғысына бөлену оңай шаруа емес. Бірақ дәл осы міндетті мәслихат депутаты мінсіз атқаруы керек. Сонда ғана аудандағы қордаланған мәселелер шешімін тауып, мемлекеттің жарқын болашағына жол ашамыз. Менің бұл сайлауда үміткер болудағы басты мақсатым да осы. Сондықтан алдағы саяси науқанда сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, халықтың талап-тілегіне еңбек етемін.

– *Алдағы саяси науқанда жеңіске жетіп, сайлаушылардың басым дауысымен мәс-*

лихат депутаты болсаңыз, халықтың сенімін ақтауға дайынсыз ба?

– Өз басым халық сенімін бөрінен биік қоямын. Сондықтан алдағы саяси науқанда бақ сынауға бел буып отырмын. Бұл сайлау маған үлкен жауапкершілік артты. Тіпті үміткер болмай тұрып, «Алдағы уақытта аудандық мәслихат депутаты болсам, аудандағы қандай мәселелердің шешіміне жұмыс жасаймын?» деген сауалға бас қатырдым.

Шыны керек, соңғы жылдары ауданда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бірақ бұл өңірде өнді ешқандай мәселе жоқ деген сөз емес, керісінше осындай қарқынды жұмысты әрі қарай жалғастыру керек. Сонда ғана ауданға қарасы елді мекөндөрдің екінші тынысы ашылып, ауданның өрісі кеңейеді. Ал оны жүзеге асыру – баршамызға ортақ міндет.

– *Жалпы ауданның екінші тынысын ашып, өңірдің өркендеуі үшін қандай жобалар қолға алынуы тиіс?*

– Ауданда әлі де шешімін табуы керек қандай мәселелер бар? Қайтсек елдің тұрмыс сапасын арттыруға жол ашылады? Кеше үміткер болар алдында осы мәселелер мені көп ойландырды. Сондай-ақ сайлауалды бағдарламамда осы сауалдардың түйінін тарқатуға тырыстым.

Ауданның екінші тынысын ашамын десек, ең алдымен ауылдық елді мекөндөрдің болашағына бас қатыруымыз керек. Ол үшін бірінші кезекте ауылдық жерде жұмыссыздықпен күресу қажет. Сонда ғана ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасының артуына, әлеуметтік әлеуетінің жақсаруына даңғыл жол ашылады.

– *Ауылдық жерде қалай жұмыссыздық мәселесін шешуге болады?*

– Бұл сұрақтың түйінін кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы тарқатамыз. Қазір мемлекет тарапынан кәсіпкерлік саласына қолдау басым, қайтарымысыз грант, төмен пайызбен несие – кәсіпкерлікті дамытудың тиімді тетігі. Ал оны алуға мемлекет бар жағдайды жасап отыр.

Жалпы жұмыссыздық пен бұл саланы бір-бірінен ажырата алмайсыз. Қай өңірде кәсіпкерлік дамиды, сол елді мекенде жұмыссыздық айтарлықтай төмендейді, сәйкесінше елдің тұрмыс сапасы арта береді. Міне, осы ретте біз ауылдық жерде кәсіпкерлік сапасының дамуына бар жағдайды жасауымыз керек. Ауылдағы ағайынның мемлекеттік қолдауға ие болуына жол салып, олардың кәсіптен айналысуына бағыт беруіміз керек. Сонда ғана ауылда жұмыссыздық мәселесі төмендейді.

– *Көшегі сайлауалды бағдарламаңызда білім мен медицина, спорт секілді салаларға*

да басымдық беріпсіз. Бұл үш салаға неге ерекше тоқталдыңыз?

– Қазір білектінің емес, білімдінің заманы екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан ауданда білім сапасының артуына күш саламын. Салада қандай мәселелер бар, соның барлығын мәслихат мінберінде көтеріп, оң шешімін табуына жұмыс жасаймын. Шалғай ауылдарда интернет сапасының жақсаруына жұмыс жасап, ауылдың инфрақұрылымының жақсаруына күш саламын. Мұның барлығы қазіргі заманда білім сапасына айтарлық оң әсер ететіні сөзсіз.

Қазір медицина саласы дамыған, сондықтан халықтың көз келген уақытта сапалы медициналық көмек алуына жол ашамын. Салада қордаланған қандай мәселелер бар, соның барлығы оң шешімін табуы үшін мәслихат мінберінде көтеріп, елдің денсаулығының жақсаруына жұмыс жасаймын. Саладағы жас мамандардың мемлекеттік қолдауға ие болуын қамтамасыз етіп, ауылдық жерлерге білікті мамандар тартуға күш саламын.

Ауданда соңғы бес жылдықта жол құрылысы қарқын алды, бірқатар ішкі көше мен жолдардың сапасы айтарлықтай жақсарды. Бірақ әлі де бұл салада мәселелер жоқ емес. Сондықтан алдағы уақытта әсіресе ауылдық елді мекөндөрдегі жол сапасының жақсаруына жұмыс жасаймын.

– *Бұл сайлаудың сіз үшін салмағы қандай?*

– Мен үшін сайлаушылардың дауысы – халықтың сенімі. Ал сенімді ақтау – менің өмірлік ұстанымым. Алдағы уақытта сайлаушылардың қолдауымен депутат болсам, мәслихат мінберінде елдің мәселесін көтеріп, оның оң шешілуіне күш саламын. Жалпы Жалағаш ауданы өзімнің туған жерім болғандықтан ауданның тыныс-тіршілігі әрбір елді мекеннің мәселесі маған таңсық емес. Сондықтан алдағы уақытта соның барлығын мәслихат мінберінде көтеріп, оның оң



шешімін табуына жұмыс жасаймын. Әсіресе ауылдық елді мекендерде, оның ішінде шалғай ауылдарда қордаланған мәселелердің шешіміне еңбек етемін. Ауыл дамыса, алға басамыз.

– *Сұхбатыңызға рақмет!*

Сұхбаттасқан К.Балғабайұлы

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ